

3. Исакова М.С., Лебедева О.А. Особенности семейной адаптации и поведения молодых супругов на стадии формирующейся семьи // Вестник КазНПУ. Сер. Психологии. — 2006. — № 2. — С. 45–53.
4. Харчев А.Г. Брак и семья в СССР. — М.: Мысль, 1979. — С. 66.
5. Эйдемиллер Э.Г., Юстицкис В. Психология и психотерапия семьи. — СПб.: Питер, 2000. — С. 19–28.
6. Форсова В.В. Семья кадрового военнослужащего // Резюме научных отчетов по исследовательским проектам, выполненным в рамках общенститутской программы «Альтернативы социальных преобразований в российском обществе в 1991–1994 гг.» / Отв. ред. В.В. Ядов. — М.: ИСРАН, 1995. — С. 127–129.
7. Смирнов А.И. Женщины на службе в Российской армии // Социологические исследования. — 2000. — № 11. — С. 128–133.
8. Андреева Т.В. Психология современной семьи. — СПб.: Речь, 2005.
9. Карелин А.А. Большая энциклопедия психологических тестов. — М.: Владос, 2000. — С. 263–268.

ӘОЖ 001.4: 61=943.42

Д.Р.Жарықова, Г.Е.Омартаева, Б.Б.Айткенова

«Астана медицина университеті» АҚ, Астана

«ШИПАГЕРЛІК БАЯН» ИДЕЯЛАРЫ

В статье раскрыты педагогические идеи ученых о национальных обычаях, традициях и национальном менталитете. Наряду с этим рассмотрены воспитательные идеи О.Тлеукабылулы «Шипагерлік баян» как неоценимое наследие. Ведущие педагогические идеи в книге — это теория исламской веры и собранные с тех времен из казахских народных обычаев педагогические наиздания.

In this article we wanted to consider the pedagogical ideas of scientist about national customs, traditions and national mentality. «Shipagerlic Bayan» written by O.Tileukabiluli is invaluable hereditary. Main pedagogical ideas in «Shipagerlic Bayan» are the theory of slamic belite and pedagogical edification of karakh national customs.

«Шипагерлік баян» — тәлімдік-тәрбиелік еңбек, халықтың педагогика бастауының қайнар көзі. Расында да, ғұламаның еңбегі аз сөзге көп мағына сыйғызған, көп тарихи деректерді, толып жатқан аңыз-әңгімелерді, талай-талай этнонимдерді, мақал-мәтелдермен ой-түйген халықтық асыл мұрасы екені шындық. Ол халықтың өзі жөніндегі нәрселерін, халықтық ой-зердесімен түсіндірген. Сол заманғы басқа да ғалымдар секілді адам тәрбиесін дін ілімімен ұштастырып отырса да, имандылық идеялары діни шеңберден әлдеқайда кең ұғымды қамтыған. Ғалым ислам дініне, оның қасиетті кітабы Құран Кәрімге адамгершілік пен имандылықтың нағыз қайнар көзі ретінде қарап, өзінің жас ұрпақтарына қояр негізгі талап-тілектерін ондағы діни қағидалар мен ережелерге сүйене отырып жүргізеді.

Тәлім-тәрбиелік ойлардың қайнар көзі «Шипагерлік баян» ғылымнамалық еңбегін бүгінгі ғылыми педагогикамен терезесі тең түсіп, үндесіп жатқан жетекші педагогикалық идеяларды жас ұрпақ тәрбиесіне ұсынуға болады. Сонымен қатар «Шипагерлік баяндағы» отбасы тәрбиесінің өміршендігі, халықтық педагогиканың мұраттарымен үйлесім табуы еңбекті тек танымдық тұрғыдан ғана емес, тәрбие тұғырнамасы ретінде үйренуге міндеттейді. Сондықтан жоғарыда аталған ғалымның пайымдауларын, бір жағынан, баға жетпес рухани құндылық ретінде санасақ, екіншіден, ұрпақ тәрбиесінде басшылыққа алатын өмірлік қағидаларды топтаған жәдігерлік дүниелер деп танығанымыз жөн.

Мәселен, «Шипагерлік баян» еңбегінен 100-ден астам мақал-мәтелдерді кездестіруге болады. Ұлы ғалым-бабамыз көп ғасырлық халық даналығы адамгершілік-этикалық идеяларға толы екенін байқаған. Сондықтан ол өзінің әрбір пайымдауын халықтың өз түсінігімен, даналығымен түйіндеген. Ірі-ірі кесек ойларды «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» болған мақал-мәтелмен қанаттастырған. Ғалым мақал-мәтелдердегі адамгершілік-этикалық идеяларды, ойдың асыл інжу-маржандарын осы мақал-мәтелдерден алып отырғандығын айтуға болады.

Сонымен қатар сол кездегі дана ойшылдарының бәріне тән ақындық өнерде ғұлама-ғалымның бойынан табылған дегенді баса айтқымыз келеді. Өлең жолдарының негізгі идеялары адамды

тәрбиелеуге негізделген. Біз бүгінгі күні оның өлеңдерін баға жетпес тағылымы мол дүние деп қарастыруымыз керек.

Ғұлама-ғалым орта ғасыр ойшылдары сияқты ақындық өнерден де кенде қалмаған. Дала ойшылының өлеңіндегі өміршең пафос — оның педагогикалық идеяларындағы адами құндылықтар жүйесін құрайтын адамзат өмірінің мәңгілігі, өлмес мәдени мұралармен қатар, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан өсиет-аманаттан құралған. Айрықша айтып өтетініміз оның:

*Қалмады ұрпақ, Өтейбойдақ аяңдалды,
Мені өшірмес «Шипагерлік баян» қалды.
Бұ да менің ұрпағым жөн білгенге
Қағазбенен жалғасқан аян қалды, —*

деген өлең жолдары «Шипагерлік баян» ғылымнамалық еңбегіне темірқазық, алтын бастау болды. «Шипагерлік баян» ғылымнамалық еңбегінде көптеген өлеңдер бар. Олардың тақырыптары да алуан түрлі. Мүшел жас, отбасы, ұрпақ мәселесі туралы да айтқан өлеңдері ортағасыр ойшылы Жүсіп Баласағұнидің пайымдауларымен мазмұндас болып келеді.

*Жарақсызға аунағанмен не пайда?
Жарандыға қауыштылық ең пайда.
Құдай жұпты қылған оған жазуда,
Ұйып қалса — бала деген қалайда, —*

деген бәйіт осыдан шыққан деп жазады ғұлама [1; 124].

Мына бір жыр жолдарының Абай өлеңдерімен соншама үндесіп кететіндігі Абай мұрасының өзіне дейінгі қазақ поэзиясымен сабақтастығын танытады.

*Мүшел тектеп құшқаны он екі жыл,
Он үш жастық қосылғы мерзеттік қыр.
Мақұл хат атауымен аталғанмен,
Түпкілігі пенделік мінездік сыр.
Кейбіреулер шенеуді шелдей көріп,
Елді арбап, кеудесін көрсетіп жүр.
Миың болса басыңда көзің жеткіз,
Ата-баба атына келтірме кір, —*

дейді [1; 174]. Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының табиғи ақындық қуаты, суреткерлік қасиеті ешкімге ұқсамайды. Оның көзі қырағы, қиядағыны шалады, қиырдағыны көреді. Табиғаттың тылсым сырларын жүрегімен сезінеді. Сөйтіп, көрген-білгенін сезімталдықпен жырлай білетін сыршыл ақын екендігіне дау жоқ.

*Дүние бір қисық жол бұраңдаған,
Бақ тайса, басқа дәулет құралмаған.
Басыңа таудай ауыр қайғы түссе,
Несібі жазып қойған бір Алладан, —*

Десе [1; 113], енді бірде оның өлеңінен жырдың табиғаттай тазалығы мен мөлдірлігін, киелі сөз өнерінің қадір-қасиетін түсіне білетін ғұламаның болмысын, зерделігін танимыз. Ғұламаның өлеңіндегі ойлылық, парасаттылық, образдылық осының дәлелі.

*Ел — білім дәулетінің қайнары екен,
Шипа-ем заруатының айдары екен.
Ұстанып, қадіріңе жетіп жия білсең,
Ұстазсыз ұстаз боларлық пайдалы екен, —*

дейді [1; 20]. Ғалым дүниені тануға, өмірді өзгертуге адамның күйі, ақылы жетеді деген зор үмітпен өмір сүрді. Бұл ретте ғалым көп жүкті өнер-білімге артты. Нәзік жанды ақынның тілі де сұлу көркем. Ешкімнің аузына түсе бермейтін қанатты теңеулер. Ғұлама-ғалымдарға тән қасиет ойшылдық, ізгі ниет, жағымды қоғамдық көзқарас дейтін болсақ, Өтейбойдақ бабамызда мұның бәрі де бар. Заман туғызған данышпан ғалым халықтың жан саулығымен қатар, тән саулығын қатар алып жүрген. Ғалым ел ішіндегі ақын-жыраулардың өнерлеріне де тәнті болғанға ұқсайды. Ол мына өлеңді ел аузынан жазып алып, еңбегіне қосқан:

*Зығытырандай сарғайдым, қарап сенің жолыңа,
Неге тудың, анашым, тартатын бұл сорыма.
Іші-бауырым езіліп, елжірейді амал не?
Түскенім зой ағайының қасіретті торына, —*

деген еді күйікті біреу атын ұмытып қалыппын, — деп жазды [1; 120].

Республикамызда қазіргі күні рухани салада жүріп жатқан сананың жаңаруы, адами құндылықтарды қайта бағамдау үрдістері нәтижесінде ғасырлар бойы жинақталып, өткеннің тарихынан бізге жеткен тәлім-тәрбиелік мол мұраларын болашақ ұрпақты тәрбиелеуге пайдаланудың мүмкіндігі туып отыр. Ұлы тұлғалардың мұраларын оқыту арқылы адамды тәрбиелеу болып табылатынын білеміз.

«Шипагерлік баян» ғылымнамалық еңбегін зерделегенімізде ғалымның бала тәрбиесіне, жалпы адам тәрбиесіне терең мән беріп, оның сәтті қағидалары мен ережелерін халықтың тәрбиелік дәстүрінде топтастырғанын анықтадық. Оны мынадай топтарға бөліп айтуға болады: «Сүйінші», «Көз тию», «Бата», «Ат тергеу», «Сегіз ат сабылтқы», «Қазақ ырымдары», «Тыйым сөздер», «Жеті ата», «Жеті күн», «Жеті қазына» т.б.

Ө.Тілеуқабылұлы тыйым сөздерінің де мән-мағынасын ашады. Тіпті оның тыйым сөздерінде ойшылдығы мен шипагерлігі біртұтас ажырату қиын. Дүниені философиялық жолмен тану принциптерін көруге болады. Ойдың шипагерлік құдіретімен жасалған идеясының тағылымын бір сөзбен айтып жеткізу қиын. Мысалы, ол он үштегіні, отыз үйден тыйым болуы сияқты елдің салт-жоралғысын есте сақтаған шарт десе, енді бірде әрбір пендеге істейтін пайдалы істі істеу, пайдасызына жоламау, басыңа пәле болмақ деп тыйым жасаған [1; 115]. Ғалым ханға осы ұлттық құндылықтарды еңбекке қосуды жөн деп санағанын айтады. Ислам діні өзінің Алла жаратқан қасиетімен тыйым тоқсан бірді жеуден тыйым, сексен бесті жеуден тыйым, харам мен халалды айқындап, шектеп тектеуімен, есіркеп ауызға алынбайтын көнергіге айналыпты, тіпті ұмыт болыпты. Өзімде есте түсіріп маңдыта алмадым. Бірақ менің есімнен кетпеген шипагерлікте кем болса толықтық толымы бос қалатындық тудыратын жетіге тиіспеу, қырық бірге жұғыспау, он екіден айырылмауды қосуды жөн көрдім [1; 113].

«Кебенек іші мың арып, мың семігерлік, жаныңды алса да, сырыңнан айырылма», «ырзықсыз пенде болмас, даяр асын малыңнан айырылма», «шыбын жаның шыққанша, намысыңнан айырылма» деген сияқты он екіден айырылмау мен жетіге тиіспеу, қырық бірге жұғыспау сияқты т.б. халықтық түйін тұжырымдар қазірде жастарды имандылыққа тәрбиелеу кезінде кәдеге асары сөзсіз.

«Шипагерлік баянда» ешуақытта бағасын жоғалтпайтын құндылықтар қатарына он екіден айырылмау, жетіге тиіспеу, қырық бірге жұғыспауды жатқызуға болады. Қазақ халқы бұл асыл дүниелерге ерекше мән беріп келген. Ғалымның осы шарттарының мәнін ашып, оның имандылық ғибраттарымен үндестігін дәлелдеуге тырысып көрелік. Мысалы, ғалым жетіге тиіспеуді былай сараптайды:

Көктемде көктеп келе жатқан өскінге тиіспеу;

Көктемде көбеймелі жорғаламаларға тиіспеу;

Көктемде көрінген қорғалағыштарға тиіспеу;

Көктемде көз ашпаған шикілікке тиіспеу;

Қай-қашан да қонжатқа (қонаққа) тиіспеу;

Қай-қашан да көршіге тиіспеу;

Қай-қашан да елшіге тиіспеу.

Көктемде көктеп келе жатқан жас өсімдіктерге, көбейетін бауырмен жорғалайтындарға, ұшып жүрген құстарға, жас балапандарға тиіспеу туралы шартты, қазақтың көкті жұлма деген сөздерімен сәйкес келсе, оның көршіге, қонаққа, елшіге тиіспе деген тыйым сөздері «құдайы көрші», «көршіңмен туысындай сыйлас», «құдайы қонақ», «үйіңе қонақ келсе, құт келеді» т.б. нақыл сөздерімен байланысқан. Мұның барлығы адамзаттың үнемі есте сақтайтын имандылық ережесіндей. «Шипагерлік баян» ғылымнамалық еңбегіне ғұламаның атап кеткен «жетіге тиіспеу», «қырық бірге жұғыспау», «он екіден айырылмау» принциптерін енгізу арқылы жас ұрпақты имандылыққа, ата-баба салтын ұмытпауға шақырғандай әсер тудыратыны шындық. Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы басқа да дала ойшылдары сияқты адам өміріндегі рухани тәрбиенің маңызын бірінші орынға қояды. Оған жоғарыда аталған «жетіге тиіспеу», «қырық бірге жұғыспау», «он екіден айырылмау» атты тұжырым қағидалары дәлел бола алады.

Ал, енді «қырық бірге жұғыспауды» ғұлама-ғалым имандылықтың шарықтау шегіне дейін көтеріп, оны сақтауға баршаны шақырғандай болады. Өзің шығар төрге, киесі бар далаға, түтін ұшар шаңыраққа, ырыс келер босағаға, парақұмар ыласқа т.б. жұғыспа дейді. Ондағысы өзінен кейінгі ұрпаққа ізгілік, имандылық пен тектілік, парасаттық, кісілік сияқты адами құндылықтар рухында тәрбие беру.

«Он екіден айырылмау» шарты уағыздаған имандылық тәрбиесіне байланысты ұстанымдар, бір жағынан, ислам дінінің, екінші жағынан, көшпелі түркі халықтарының моральдық талаптарына

негізделгенін байқау қиын емес. Мәселен, ақылыңнан, ел бастайтын көсеміңнен, шыбын жаның шыққанша намысыңнан, көппен көрерсің еліңнен, болмашыға өкпелеп досыңнан айырылма деген жолдар қазіргі күні де мән-мағынасын жоймағандығымен құнды.

Осындай салиқалы саралаудан кейін, Ө.Тілеуқабылұлы мынадай қорытындыға келеді: «Алла жаратқан адам пендесі көнсең де, көнбесең де басыңа келетін, сенсең де, сенбесең де рақатқа бөленбегің шарт. Соның жолы бұраңдаған қисық, түзу өтетін өмірлеуді алла жазбаған»

Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы тоқсан жылдық өмірінің сексен жылына таяу өмірінде бөктерме қабын бөктеріп, теңгерме қабын теңденіп, шөптек-шонтайлары мен местерін салпаңдатып, қаңғып жаһан кезіп, жаһанкез атанып, шипагерлікпен шұғылданып, әйел алып, бала сүюді ұмытып, күллі қазақ даласын, орыс даласын аралап, көрмегенді көріп, тартпауға тиісті азапты әдейі тартып жүріп, 1050 түрлі шипа емді қамтыған осы «Шипагерлік баяны» кітабын жазып қалдырған [1].

Сайын дала төсінде мал-жан, тіршілік қамымен көбінесе аттың жалы, түйенің қомында көшіп-қонып жүрген дарынды халқымыз көршілес батыс-шығыс елдеріне қарағанда жазу-сызу мәдениеті кенжелеу дамығанымен, мазмұны мен сапасы, көлемі жағынан алғанда қай халықтікінен болса да кем түспейтін, олқы соқпайтын орасан бай ауыз әдебиетін жасады. Тумысынан ойшыл, дана халқымыз өзі өмір сүріп отырған орта, саялы табиғат, тұрмыс-тіршілік болмысын, ел-жұрт арасындағы қарым-қатынас, ел басынан өткен қилы-қилы кезеңдерді, жақсы-жаман жағдаяттарды ой-сана елегінен өткізіп, оған деген өзінің көзқарасын білдірді. Табиғатынан көзі ашық, көкірегі ояу, өзінің кең жазира туған даласындай дарқан дарынды ойын-сауықшыл халқымыз осы баға жетпес қазынаны киелі дүниедей қастерлеп, ұрпақ санасына сіңістіріп, болашаққа мәңгі өлмейтін мұра етіп қалдырды [2]. Барша қазақ мәдениетінің теңдесі жоқ қазынасын бір басына жинаған «Шипагерлік баян» халқымыздың мақтанышына айналуы керек. Арада талай ғасыр өтсе де ұрпақтан ұрпаққа таралып, танымдық мәнін, тәрбиелік мазмұнын әсте жоймаған, заман ағымына қарай қайта жасарып, айрықша мәнге ие болып отыр.

«Шипагерлік баян» ғылымнамалық еңбегі — XV ғасырдың төл туындысы. Ортағасырлық қазақ ойшылдарының көшбасысы саналатын Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы ғылыми қауымға «Шипагерлік баян» кітабы арқылы соңғы он бір жылда ғана танымал бола бастады. Қазақ хандығы құрыла бастаған тұста ғұмыр кешкен ұлы бабамыздан жеткен 30 баспа табақ көлеміндегі қолжазба ғана. Оның 5–6 томды қамтитын басқа қолжазбалары 1968 жылы Қытай елінде болған мәдени төңкерістің кесірінен отқа жағылып кеткен. Осыдан он бес ғасырдан астам бұрын жазылған «Шипагерлік баян» бізге несімен құнды? Ең бірінші, философиялық, психологиялық ойларымен, даналық кеңестерімен қымбат. Ғұлама еңбегіндегі педагогикалық және психологиялық тұрғыда айтылатын ой-пікірлері мол.

Сайын даланың әл-Фараби, Йассауи, Өтейбойдақ сияқты ұлдары әлем тарихына өз аттарын мәңгіге жазып кетті.

«Тарих өткен шақ туралы білімдердің жинағы ғана емес, тарих — ойлау жүйесі, қазіргі әлемде өз жағдайыңды нақтырақ түсінуге бастайтын жол», — деп жазады, Ж.О.Артықбаев «Қазақстан тарихы» оқу бағдарламасында [3].

Екіншіден, тәлім-тәрбиелік адами құндылықтарымен бағалы. «Шипагерлік баяндағы» тәлім-тәрбиелік ой-пікірлердің негізгі өзегі — жастарды имандылыққа тәрбиелеу мәселесі. Бұл кітап діни уағыздар, мақал-мәтелдер мен түйінді ой-тұжырымдар арқылы беріледі. Адам өміріндегі ғылымның, оқу-білімнің маңызын көрсетеді. «Шипагерлік баян» — медицина жөніндегі үлкен ғылымнамалық ұлы еңбек. Оның ғылымнамалық ұлы еңбек бола алуындағы себеп, тек қана шипагерліктің шын мәніне жету үшін оған астрономияны, философияны, психологияны, этнографияны, ұлттық салт-сананы, тарихты тығыз ұштастыра білуінде. Ол әлеуметтік-этникалық, педагогикалық, психологиялық мәні орасан зор мұра.

Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының артына қалдырып кеткен рухани мұрасының астары өте терең. Ұлт тәрбиесі, дені сау ұрпақ қамы ғалым еңбегінің түпқазығы болған. Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы ұрпақтың денінің саулығына және оның тәрбиесіне тигізер келеңсіз, орынсыз жағдайларды нысанаға алған. Осыған рухани наразылық танытып, күн ілгері дабыл қақты. Оның еңбегі сонысымен құнды. Ғұлама-ғалым ұрпақтың өнегесіздігін, тәрбиенің теріс жақтарын мысалға алады. Бұны бізге ғалымның «жаманнан жирену» ұғымын есепке ала отырып, тәрбие ісінде пайдалануға болады. Сонымен қатар осыдан бес ғасыр бұрынғы еңбектің бүгінгі өмірмен өзектестігіне назар аударылды. Ғалым дінді таяныш қылды. «Шипагерлік баянның» халықтық педагогиканың мұраттарымен үйлесім табуы олардың шығармаларын тек танымдық тұрғыдан ғана емес, тәрбие тұғырнамасы ретінде үйренуге міндеттейді. Сондықтан «Шипагерлік баянда» аталған мұраларды, бір жағынан, баға жетпес

рухани құндылық ретінде санасак, екіншіден, ұрпақ тәрбиесінде басшылыққа алатын өмірлік қағидаларды топтаған жәдігерлік дүниелер деп танығанымыз жөн. Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының қазақ халқының «ген» тазалығы жөнінде әлем өркениетіне қосқан үлкен үлесі ерекше бағалануы қажет.

Ғұлама-ғалымның педагогикалық идеяларындағы ұлттық салт-дәстүрді, ұлттық салт-сананы және табиғаттың өз заңы бойынша ой өрбітіп, жалпы әлемді бір-бірінен бөліп жаруға келмейтін біртұтас дене ретінде қарауын баса айтуға тырыстық. Сонымен қатар Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баян», оның тәлім-тәрбиелік идеялары — баға жетпес құнды мұра. «Шипагерлік баяндағы» жетекші педагогикалық идеялар — ислам діні қағидалары мен қазақ халқының ықылым заманнан бергі жинақтаған тәлім-тәрбиелік дәстүрлердің сабақтастығынан туындаған педагогикалық өсиеттер.

Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының педагогикалық идеясының түпқазығы — ұрпақ тәрбиесі және оқу-білім мәселелері. Оқу-білімді инемен құдық қазғандай деп қажырлық пен сабырлыққа шақырады. Ө.Тілеуқабылұлының ұрпақ тәрбиелеудегі тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерінің негізгі түйіндері сол кездегі дала көшпенділерінің талап-тілегінен, мәселен, жас ұрпақты тәрбиелеудегі баршаға ортақ моральдық норманың далалық кодексі «сегіз қырлы, бір сырлы» ұғымынан туындағаны даусыз. Ғұламаның пайымдауынша, тәрбие адамға туғанынан, үздіксіз берілетін және ол бір сәтте толастамайтын құбылыс деп түсініктеме береді.

Ғалым ислам дінінің отбасы тәрбиесіндегі рөлін «Шипагерлік баянда» құнарлы ойлармен береді. Отбасын құру екі адамның ниет тілектерінен болады дейді. Жар тандау мәселесіне жауапкершілікпен келеді. Жезөкшелік жаман, нәпсілі арам ниетті тыйу, халқымыздың салтында беттен сүйетін, өте-мөте бозбалалар, қыз-келіншектерді зорлықпен бетінен сүйетін жаман ниетті қылықты тыйюды ұсынады. Өкінішке орай, қазір мерез, жүре пайда болған иммунитет жетіспеушілік синдромы (СПИД), сарыаурулардың В және С түрлері, тағы басқа көптеген аурулар жыныс жолдары арқылы таралып, көбейіп барады. Мұның негізі отбасы тәрбиесінің дұрыс жолға қойылмауынан туындағаны шындық.

Сондықтан ғұлама-ғалымның денсаулық мәселесін дін тәрбиесімен тұтастықта қарауының мәні тегін емес. Біздің пікірімізше, еңбек авторының осы бағытты ұстануы, оның еңбегінің тәлімдік-тәрбиелік мәнін ерекше арттыра түскендей.

Біз осы уақытқа дейін ғылым мен білімге еуропалықтардың көзімен қарап келгенімізге мән бере бермейміз. Дәлірек айтсақ, осы уақытқа дейін адамзат тарихының парқы мен нарқы негізінен еуропалықтардың талғам-танымы бойынша жазылып келді. Біз де сол талғам-танымнан тәрбие алып өскен ұрпақпыз. Қорыта айтқанда, «Шипагерлік баян» адам баласының ең басты байлығы — денсаулықты сақтауға, сырқаттарды емдеуге ғана бейімделген терең де тарихи ғылымнамалық еңбек қана емес, ол халқының тұрмыс-тіршілігімен, оның рухани байлығымен, халықтық салт-дәстүрімен, терең тыныстаған келер ұрпаққа тәрбиелік мәні зор мұра екені даусыз.

Әдебиеттер тізімі

1. *Тілеуқабылұлы Ө.* Шипагерлік баян. — Алматы: Жалын, 1996.
2. Шешендік шиырлары. — Алматы: Қайнар, 1993. — 3-б.
3. *Артықбаев Ж.О.* Қазақстан тарихы // Жоғары білім беретін гуманитарлық және жаратылыстану мамандықтарына арналған оқу бағдарламасы. — Астана, 2005. — 5-б.